

Сібір жарасының эпидемиологиясы

Инфекция көзі:

- **Жиі:** ірі қара және ұсақ малдар, жылқы (60-85%)
- **Сирек:** шошқа, түйе, есек, киік, жабайы жануарлар. Ауруы бар жануарлар қоздырғыштарды зәрмен, нәжіспен, сілекеймен, қақырықпен және сүтпен бөледі. Өлген жануарлардың барлық органдары мен тіндері зақымдалған болады (терісі, ұшасы, қан, сүйек). Сібір жарасымен ауырған адамның эпидемиологиялық маңызы жоқ. Сібір жарасы мамандыққа байланысты ауру болып табылады. Көбінесе ауылды жерлерде тіркеледі.



Сібір жарасының этиологиясы

Этиологиясы: Қоздырғышы – *Bacillus anthracis*. Вегетативті және спора тәрізді түрі болады. Қозғалмайтын таяқшалар, капсула түзеді (антифагоцитарлы әсері бар). Сыртқы ортада спора түрінде сақталады. 3 компоненттен тұратын экзотоксин бөледі (ісіну, летальды, протективті). Вегетативті түрлері сыртқы ортада аз мөлшерде тұрақты.



Сібір жарасының патогенезі

Патогенезі: Сібір жарасында қоздырғыштың ену қақпасы болып зақымдалған тері жабындары, тыныс алу жолдарының шырышты қабаттары және асқазан-ішек жолының шырышты қабықтары табылады. Қоздырғыш кірген жерінде және регионарлы лимфа түйіндерінде көбейіп, экзотоксин бөліп, жергілікті әсер (геморрагиялық – некротикалық қабыну) және жалпы әсер (токсемия) тудырады. Ары қарай аурудың дамуымен соңы қоздырғыштың вируленттілігіне, инфицирлейтін дозасына, организмнің резистенттілігіне байланысты

Маусымдылығы: жаз және күз айлары.

Патологиялық
анатомиясы: Қоздыр
ғыштың орналасқан
жерінде (тері, өкпе,
ішек және т.б.)
тіндердің некрозымен
болатын серозды
геморрагиялық
қабыну дамиды.






99%

99% науқаста
патологиялық процесс
терінің
зақымдануымен,
регионарлы лимфа
түйіндерінің
зақымдануымен
шектеледі.



1%

1% науқастарда бактеремия (септицемия), өкпенің, ішектің, нерв жүйесінің зақымдануымен (менингоэнцефалит түрінде) өтетін процесстің жайылмалы түрімен аяқталады.



Клиникасы: Инкубациялық мерзім бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, көбінесе 2-3 күн.



Терілік түрі: Көбінесе, жиі сібір жарасының терілік формасы (99%) кездеседі. Бұл түрі карбункулезді, буллезді және тілме тәрізді клиникалық варинаттармен өтеді.

Сібір жарасының терілік түрінде ауру карбункулдың дамуымен өтеді, улану синдромы аурудың 2-3 күні болады. Сібір жарасының терілік түрінің карбункулезді түрі кең таралған болып табылады.

Карбункул – терінің және әр жерде орналасқан ісіктердің дамуымен сипатталатын, шырышты қабаттардың және регионарлы лимфадениттің коагуляционды некрозы.

Септикалық түрі II-лік
генерализденген (терілік түрден
кейін), I-лік генерализденеген
(қоздырғыштың көбінесе
аэрогенді, ас қорыту жолдары
арқылы енуі) сияқты болады.